

**«Банк клиенттеріне арналған Visa Infinite премиум карталарын ұстаушылар үшін әуежайлардың бизнес-залдарына кіру бойынша Арнайы ұсыныс» қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы қағидалар (бұдан әрі – «Қағидалар») Банк клиенттеріне арналған премиум карталарын ұстаушылар үшін халықаралық әуежайлардың бизнес-залдарына Visa Infinite карточкаларымен кіру бойынша Арнайы ұсынысты (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») жүргізу тәртібін, оған қатысу талаптарын және өзге ережелерді айқындайды.
- 1.2. Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк»).
- 1.3. Арнайы ұсыныс Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі және Банктің премиум карталарын ұстаушылар үшін ғана қолданылады.
- 1.4. Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:  
**Орташа күндік қалдықтар** – Банкте ашылған барлық шоттардағы 1 (бір) күнтізбелік ай ішіндегі орналастырылған ақша қаражаттарының орташа сомасы.  
**Ай** – ағымдағы айдың 5-інен келесі айдың 5-іне дейінгі кезең.

**2. Арнайы ұсыныстың қатысушылары**

- 2.1. Арнайы ұсынысқа **жеке тұлғалар** – қазіргі және жаңа клиенттер, Банктің Visa Infinite премиум карточкаларын ұстаушылар қатыса алады (премиум корпоративтік карталар иелерінен басқа).
- 2.2. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін клиент кестеде көрсетілген А немесе В өлшемдерінің біріне сәйкес келуі тиіс:

Ұсыныстың өлшемдері		1-санат	2-санат
Бір айда келетін Қонақтар саны		2	5
А	<b>Банктің талаптары:</b> Банктің барлық шоттарындағы орташа күндік қалдықтар	20-дан 50 млн теңгеге дейін	50 млн теңге және одан жоғары
	<b>ХТЖ талаптары:</b> Банкте ашылған,өтулер байланыстырылған премиум-карта бойынша Retail (басқа валюталар баламасында)	550 000 теңге – Visa ХТЖ	
В	<b>Банктің талаптары:</b> Клиенттің Банктегі барлық карталары (премиум картаны қоса алғанда) бойынша күнтізбелік ай ішіндегі бөлшек retail операциялары (басқа валюталардағы баламасында).	1 млн теңгеден бастап	3 млн теңгеден бастап
	<b>ХТЖ талаптары:</b> Банкте ашылған,өтулер байланыстырылған премиум-карта бойынша Retail (басқа валюталар баламасында)	550 000 теңге – Visa ХТЖ	

**3. Арнайы ұсыныстың талаптары**

- 3.1. Арнайы ұсыныс шеңберінде қатысушылар 1 немесе 2-санатқа сәйкес болған жағдайда халықаралық бизнес-залға бір айда 2-ге дейін немесе 5-ке дейін қонақ өткізе алады.
- 3.2. 1-санатқа келесі шарттардың кемінде біреуін орындаған клиенттер кіреді:  
-алдыңғы күнтізбелік айда Банктегі барлық шоттарында 20 000 000 теңгеден\* жоғары ақша қалдықтарын ұстау және соңғы 30 (+5) күн ішінде Visa Infinite премиум картасы бойынша 550 000 теңгеден кем емес сомаға жасалған сатып алулар;  
- Банкте ашылған барлық белсенді карталар бойынша, оның ішінде соңғы 30 (+5) күн ішінде қонақ өтулері бар Visa Infinite премиум картасы арқылы 550 000 теңгеден кем емес сомаға жасалған сатып алуларды қоса алғанда, күнтізбелік ай ішінде жалпы сомасы 1 000 000 теңгеден кем емес сатып алуларды жүзеге асыру;  
1-санаттың өлшемдеріне сәйкес болған жағдайда қатысушылар халықаралық бизнес-залға бір айда 2 қонаққа дейін кіргізе алады.
- 3.3. 2-санатқа келесі шарттардың кемінде біреуін орындаған клиенттер кіреді:  
-алдыңғы күнтізбелік айда Банктегі барлық шоттарында 50 000 000 теңгеден\* жоғары ақша қалдықтарын ұстау және соңғы 30 (+5) күн ішінде Visa Infinite премиум картасы бойынша 550 000 теңгеден кем емес сомаға

жасалған сатып алулар;

- Банкте ашылған барлық белсенді карталар бойынша, оның ішінде соңғы 30 (+5) күн ішінде қонақ өтулері бар Visa Infinite премиум картасы арқылы 550 000 теңгеден кем емес сомаға жасалған сатып алуларды қоса алғанда, күнтізбелік ай ішінде жалпы сомасы 3 000 000 теңгеден кем емес сатып алуларды жүзеге асыру;  
2-санаттың өлшемдеріне сәйкес болған жағдайда қатысушылар халықаралық бизнес-залға бір айда 5 қонаққа дейін кіргізе алады.

3.4. Егер клиент барлық критерийлерге бір мезгілде сәйкес келсе, онда клиент санатына сәйкес бір ғана пакет ұсынылады.

3.5. Қонақ өтулерін алу критерийлері клиент тарапынан алдыңғы күнтізбелік ай ішінде сақталуы тиіс.

3.6. Қонақ өтулері келесі айдың 5-інен бастап ұсынылады және бір ай бойы жарамды болады.

3.7. Қолжетімді қонақ өтулері туралы ақпарат Банк тарапынан Арнайы ұсыныс мерзімі аяқталғанға дейін ай сайын, әр айдың 5-інен кешіктірілмей жіберіледі.

3.8. Клиенттің Банктен берілген бірнеше премиум картасы болған жағдайда, Арнайы ұсыныс тек критерийлерге сәйкес келетін, жарамдылық мерзімі ең ұзақ және/немесе жарамдылық мерзімінің аяқталуына кемінде 1 (бір) күнтізбелік ай қалған негізгі премиум карта бойынша ғана қолданылады. Халықаралық бизнес-залға кіру мүмкіндігі пайдаланылмаған болса, келесі айда олар жарамсыз болады.

3.9. Пайдаланылмаған өтулер келесі күнтізбелік айдың 5-і күні, Астана қаласының уақыты бойынша (UTC+6) сағат 19:00-ден кейін жойылады.

3.10. Қонақ өтулері тіркелген картаның мерзімі аяқталған кезде, қолданылмаған өтулер жойылады және клиенттің басқа карталарына (соның ішінде қайта шығарылғандарға) көшірілмейді.

3.11. Аталған талаптарға сәйкес келетін барлық клиенттер акцияға автоматты түрде қатысады.

3.12. Visa Infinite карталары бойынша қолжетімді қонақ өтулердің саны Visa Airport Companion қосымшасында көрсетіледі. Карта мобильді Visa Airport Companion қосымшасына тіркелуі тиіс.

3.13. Қонақ өтулерін Visa Infinite жаңа картаға қайта тіркеу тек келесі айда, критерийлер сақталған жағдайда ғана мүмкін болады.

3.14. Арнайы ұсыныс үшін тек күші жойылмаған немесе қайтарылмаған **сәтті транзакциялар** ескеріледі.

#### **4. Шектеулер мен қосымша талаптар**

4.1. Арнайы ұсыныстың карта бойынша шығыс операцияларын жүргізу жөніндегі талаптары шеңберінде тек қана retail транзакциялары нысанында жүргізілген төлемдер – яғни жеке тұтыну мақсатында бөлшек сауда орындарында (дүкендерде, кафелерде, мейрамханаларда, супермаркеттерде және интернет-дүкендерде) жүзеге асырылған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу операциялары ескеріледі. Өзге тәсілдермен орындалған төлемдер есепке алынбайды.

4.2. Егер Клиенттің адал емес әрекеттері, манипуляциялары және Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарын айналып өту әрекеттері анықталса, Банк Клиентті Арнайы ұсынысқа қатыстырудан бас тартуға және жоғарыда аталған фактілер анықталған күнге Клиенттің қолданыстағы қонақ өткізу құқықтарын жоюға құқылы.

4.3. Банк осы Ережелерге өзгерістер енгізуге, сондай-ақ бұл туралы клиенттерді хабардар ете отырып, Арнайы ұсынысты мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

#### **5. Сұрақтар мен дауларды қарау тәртібі**

5.1. Арнайы ұсынысқа қатысуға байланысты сұрақтарды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қолдау қызметіне Мобильді қолданба арқылы жіберуге немесе **595** жедел желі телефоны арқылы хабарласуға болады.

5.2. Арнайы ұсынысқа байланысты даулы жағдайлар туындаған жағдайда, түпкілікті шешімді Банк қабылдайды.

#### **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Клиенттің Арнайы ұсынысқа қатысуы оның осы Қағидалармен толық келісетінін білдіреді.

6.2. Осы Қағидаларда көрсетілген уақыт шеңбері Астана қаласының жергілікті уақыты бойынша (UTC+6) айқындалады.

6.3. Банк халықаралық бизнес-залға қонақ ретінде кірудің үшінші тұлғалардың қателіктерін қоса алғанда, өзіне тәуелді емес себептер бойынша мүмкін болмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

6.4. Осы Қағидалар жария оферта болып табылады және жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

6.5. Осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер Банктің ресми Интернет-ресурсында жарияланған сәттен бастап жарамды болып танылады және клиенттің осы Қағидалармен және Банктің Арнайы ұсынысына қатысу талаптарымен тұтастай танысқанын, келіскенін білдіреді.

6.6. Банк осы Қағидалардың талаптарын, оның ішінде қонақ қолжетімдерін ұсыну, белсендіру және пайдалану құрылымын клиентті алдын ала хабардар етпей, біржақты тәртіппен өзгертуге/жою құқығын сақтайды.

6.7. Банк клиенттерге Арнайы ұсынысты жүргізу туралы Банктің ресми Интернет-ресурсында немесе Мобильді қолданбасында және/немесе Банктің таңдауы бойынша клиентке қолжетімді басқа тәсілмен тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.